Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 7 қарашадағы № 419 бұйрығы

Кәсіптік стандарт: «Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру» кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ ұйымдарда балық шаруашылығы саласындағы жұмыстарға арналған кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған. Осы кәсіптік стандартты мынадай пайдаланушылар: 1) Жұмыскерлер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіби қызметке қойылатын талаптарды түсінуі, өзінің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруды жоспарлауы, сондай-ақ бейіндік бағыт бойынша мансаптық ілгерілеуді болжауы үшін; 2) Жұмыс берушілер – мал шаруашылығы саласындағы кәсіби қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеуі, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды жаңартуы, персоналды жалдауы және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыруы, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыруы, дамытуы, ілгерілетуі және ротациялау бағдарламаларын жасауы үшін; 3) Білім беру және оқу орындары – мал шаруашылығы саласындағы мамандарды даярлауы, бейіндік бағыттардың басшылары мен мамандарын қайта даярлауы және олардың біліктілігін арттыруы, мал шаруашылығы саласындағы оқытушылар мен сарапшыларды кәсіптік қайта даярлауы және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуға білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындау үшін; 4) Сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) – персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеуі және сәйкестік деңгейі бойынша қызметкерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеуі үшін; 5) Мемлекеттік органдар – еңбек нарығын мониторингтеу және болжамдау өлшемшарттары ретінде кәсіптік стандартты пайдалану үшін қолданылады. Осы кәсіптік стандарттың негізінде ұйымдар өндірісті, еңбек және еңбекті ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімін, машықтары мен дағдысын көрсете отырып, қызметкерлердің ішкі пайдалануы үшін басқару және олардың жауапкершілігін есепке ала отырып, корпоративтік кәсіптік стандарттарын әзірлей алады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Бонитирлеу – тиісті сыныпты немесе индексті бере отырып, малдың асыл тұқымдық құндылығының деңгейін белгілер шаруашылық тұрғысында пайдалаы белгілер кешені бойынша (тұқымдылығы, өнімділік сапасы, экстерьерлік-конституциялық ерекшеліктері) анықтау

2) Малды жарамсыздандыру – өсімін молайту және кейіннен өсіру үшін жарамсыз жануарларды табыннан шығару

3) Бұқа – ірі қара мал аталығы

4) Өгізше – атабездері алынып тасталған ірі қара мал бұқасы

5) Тұқымдық бұқа – асыл тұқымды өсіруге арналған аталық

6) Бұқашық – аталық жынысты бұзау

7) Жарамсыз сиырларды іріктеу – жыл басындағы мал басы санынан бір жыл ішінде табыннан жарамсыз болып іріктелген сиырлардың үлесі

8) Малды одан әрі өсімге қалдыру – кейіннен өндірістік пайдалану мақсатында оларды басқа шаруашылықтарға өткізу үшін өнімділігі төмен жас санатына сәйкес келетін жануарларды табыннан алып тастау

9) 100 сиырға шаққандағы бұзау шығысы – жыл басында қолда бар әрбір 100 сиыр мен құнажынға қайта есептегенде, күнтізбелік жылы туған тірі бұзау саны

10) Терең буыз сиыр – жеті ай буаздықтан кейінгі ірі қара мал аналығы

11) 100 сиырға шаққандағы бұзаулардың іске жарамды шығысы – жыл басында қолда бар әрбір 100 сиырға қайта есептегенде, мәжүбрлі сою мен өлім-жітімді шегергендегі ағымдағы жылы туған тірі бұзау саны

12) Сиыр – бұзаулағаннан кейінгі ірі қара мал аналығы

13) Теліме сиыр – лактация ағымында бір немесе бірнеше бұзауды емізетін сиыр

14) Ірі қара мал – Bos. Taurus тұқымдасына жататын қолға үйретілген күйіс қайыратындар

15) Бұзаулау аралық кезең – екі аралас немесе кейінгі бұзаулаулар арасындағы аралық

16) Өлі туған бұзау – бұзаулау кезінде өлі болып туған бұзау

17) Төл – асыл тұқымды өсіруге немесе бордақылауға арналған алты айлық жастан асқан бұқашықтар мен қашарлар

18) Сүтті – етті (етті – сүтті мал) – сүт және ет немесе ет және сүт өндіруге арналған құрама тұқымдарға жататын ірі қара мал

19) Сүтті мал – сүт өндіруге арналған тұқымға жататын ірі қара мал

20) Құнажын – ұрықтанған қашар

21) Бұзаулау – жүктілік кезеңінің бұзау туумен аяқталуы

22) Мал өлім-жітімі – эпизоотия, табиғи апат немесе күтіп-ұстау мен азықтандырудың тиісті шарттарын сақтамау салдарынан жануарлардың өлімі

23) Тұмса – бірінші бұзаулаудан кейін және екінші төлдеуге дейінгі сиыр

24) Сиырдың өнімді кезеңі – сиырдың бірінші бұзаулауынан жарамсыз болы іріктелгенге немесе өлім-жітімге дейінгі кезеңі

25) Буаздық пайызы – ұрықтандырылған аналықтардың жалпы санынан буаз ірі қара мал аналықтарының үлесі

26) Табын толықтыру – тиісті жас санатындағы жоғары өнімді малды табынға енгізу

27) Күйек мерзімі – бұзаулаудан немесе аборттан кейін жемісті ұрықтандыруға немесе шағылыстыруға дейінгі кезең

28) Бұзау – алты айлық жасқа дейінгі мал төлі

29) Егіз бұзау – бір буаздықтан жұп болып туған бір жұмыртқалық немесе әртүрлі жұмырталық бұзау

30) Қашар – алты айлық жастан асқан жемісті ұрықтандыруға дейінгі ірі қара малдың аналығы

31) Ұрғашы бұзау – аналық жынысты бұзау

32) Ауыр бұзаулау – шұғыл ветеринарлық көмек көрсетіле отырып бұзаулау

33) Ірі қара мал шаруашылығы – үй ірі қара малын өсірумен және пайдаланумен айналысатын мал шаруашылығы саласы

34) Қысырлық – жыл ішінде аналықтардан төлді жете алмау пайызы

35) Ақпараттық білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденбейтін білім беру түрі.

36) Бейресми білім беру – оқу орнын, мерзімдері мен нысанын есепке алмай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденетін ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын білім беру түрі.

37) Кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттермен қалыптасқан кәсіптер жиынтығы.

38) Кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі бар (мақсаты, объектілері, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын кәсіби кіші топтардың жиынтығы.

39) Біліктілік – белгілі бір еңбек функцияларын сапалы орындауға жұмыскердің даярлық деңгейі.

40) Біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек әрекеттерінің стандарттылығы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің даярлық деңгейіне және құзыретіне қойылатын талаптардың жиынтығы.

41) Еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жиынтығы.

42) Кәсіптік стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

43) Кәсіп – арнайы даярлық нәтижесінде алынған және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, іскерлікті және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметі сабақтарының негізгі түрі.

44) Салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы.

45) Ұлттық біліктілік шеңбері – салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды әзірлеу үшін деңгейлердің, біліктіліктердің, жалпы кәсіптік құзыреттердің бірыңғай шкаласын айқындайды.

46) Машықтар – қызметті жүзеге асыру және міндеттерді шешу мақсатында білімді пайдалану және құзыреттілік таныту қабілеті (логикалық, интуитивтік, шығармашылық және практикалық ойлауды пайдалану).

47) Білім – оқу және жеке тәжірибесі арқылы ақпаратты меңгеру нәтижесі, оқу немесе жұмыс саласына қатысты фактілер, қағидаттар, теория мен практика жиынтығы, біліктіліктің міндетті түрде бағалануға тиіс бөлігі.

48) Құзыреттер – белгіленген біліктілік деңгейінің кәсіби қызметінде міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін субъекті қызметінің сапасы.

49) Тәжірибе – саналы қызмет, белгілі бір уақыт аралығында меңгерілген және тиімді пайдаланыла алатын білім және білік.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – Біліктілік анықтамалығы

2) БҚЕ – Бағдарламалық қамтамасыз ету

3) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

4) ББХСК – Білім берудің халықаралық стандартты классификациясы

5) ЕжААШ – Емдеу және алдын алу шаралары

6) ЖҚҚ – Жеке қорғаныс құралдары

7) ЖҰ – Жасанды ұрықтандыру

8) КС – Кәсіби стандарт

9) ҚР – Қазақстан Республикасы

10) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері

11) СБІҚМӨ – Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру

12) ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері

13) ІҚМ – Ірі қара мал

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру
5. Кәсіптік стандарттың коды: A01410049
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
А Ауыл, орман және балық шаруашылығы
01 Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну
01.4 Мал шаруашылығы
01.41 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту
01.41.0 Сүтті бағыттағы ірі қара малды көбейту
М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
72 Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер
72.1 Жаратылыстану мен техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
72.11 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
72.11.0 Биотехнологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер
М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
75 Ветеринарлық қызмет
75.0 Ветеринарлық қызмет
75.00 Ветеринарлық қызмет
75.00.0 Ветеринарлық қызмет
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандартта сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру саласына жататын, бұзаулар мен жас малдарды өсірумен, сүтті мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіптердің сипаттамасы келтірілген.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық - 1 СБШ-нің деңгейі
2) Сүт фермаларының жұмысшысы - 3 СБШ-нің деңгейі
3) Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы - 3 СБШ-нің деңгейі
4) Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор - 3 СБШ-нің деңгейі
5) Мал өсіруші - 3 СБШ-нің деңгейі
6) Сүт өндірісінің зоотехнигі - 4 СБШ-нің деңгейі
7) Ветеринарлық техник - 5 СБШ-нің деңгейі
8) Ауыл шаруашылығындағы ұйымның басшысы (директор, президент және т.б.) - 7 СБШ-нің деңгейі
9) Бас мал дәрігері - 7 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

<table>
<tr><td colspan="4">9. Кәсіптің карточкасы «Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық»:</td></tr>
<tr><td>Топтың коды:</td><td colspan="3">9211-3</td></tr>
<tr><td>Қызмет атауының коды:</td><td colspan="3">9211-3-003</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің атауы:</td><td colspan="3">Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">1</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="3">Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (1-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 7 қыркүйекте № 33389 болып тіркелді.
261-параграф. Малдарға, оның ішінде аса қиын және ерекше малдардың қауіпті топтарына қарау жөніндегі жұмысшы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Кәсіптік білім деңгейі:</td><td>Білім деңгейі:
бастауыш білім</td><td>Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Білім деңгейі:
негізгі орта білім</td><td>Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</td><td colspan="3">Талап етілмейді</td></tr>
<tr><td>Формалды емес және информалы біліммен байланыс:</td><td colspan="3">жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама немесе қысқа мерзімді оқыту;</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:</td><td colspan="3">6121-3-004 - Мал шаруашылығындағы білікті жұмысшы</td></tr>
<tr><td>Қызметтің негізгі мақсаты:</td><td colspan="3">Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру, күту, күтіп-ұстау және өсімін молайту бойынша қосалқы жұмыстарды орындау</td></tr>
<tr><td colspan="4">Еңбек функциялардың сипаттамасы</td></tr>
</table>

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сауын табынды, бұзаулары бар теліме сиырларды, профилактикалық және сүтті кезеңдегі бұзауларды және ірі қара малдың тұқымдық төлін күту жөніндегі қолмен жүргізілетін және ішінара механикаландырылған жұмыстар 2. Жануарларды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың технологиялық тізбегін орындау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Сауын табынды, бұзаулары бар теліме сиырларды, профилактикалық және сүтті кезеңдегі бұзауларды және ірі қара малдың тұқымдық төлін күту жөніндегі қолмен жүргізілетін және ішінара механикаландырылған жұмыстар	Дағды 1: Сауын табын сиырларын, бұзаулары бар теліме сиырларды күтіп-ұстау	Машықтар:
		1. Механикаландырылған кешендер мен фермалар жағдайында сауын сиырларды күтуді жүзеге асыру. 2. Сауын сиырларды күту қағидаларын сақтау. 3. Механикаландырылған кешендер мен фермаларда жабдықтарды баптауды және оларға қызмет көрсетуді жүргізу. 4. Малдың денсаулық жағдайын бақылап, ауру белгілері байқалған жағдайда дер кезінде хабарлау. 5. Сауын сиырлар мен бұзаулы сиырларды белгіленген рацион бойынша азықтандыру және суару. 6. Мал ұстайтын орындарда тазалық пен санитариялық жағдайды сақтау. 7. Сауын сиырлардың өнімділігін және жем-шөптің жұмсалуын есепке алу. 8. Малға күтім жасауда жекелей және топтық тәсілді қолдану.
		Білімдер:
		1. Ветеринария және зоогигиена негіздері. 2. Сүтті тұқымды ірі қара малдың өнімділік-биологиялық ерекшеліктері. 3. Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру негіздері. 4. Сиыр сауу технологиялары. 5. Сауын сиырлар мен бұзаулы сиырларға арналған азықтандыру нормалары мен рациондары. 6. Қора-жайлар мен жабдықтарды санитарлық өңдеу ережелері. 7. Зоотехникалық құжаттарды жүргізу тәртібі. 8. Ірі қара малға күтім жасау кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Профилактикалық және сүтті кезеңдегі бұзауларды, ірі қара малдың толықтырушы төлін өсіру	Машықтар:
		1. Бұзаулау және емізу кезеңінде төлді өсіру технологиясын сақтау. 2. Аналық мал басына төлдеуге жәрдемдесу бойынша жұмыстарды көрсету. 3. Бұзаулар мен төлді қарқынды өсіруді жүргізу. 4. Түрлі жыныстық-жастық топтардағы сүтті бағыттағы ірі қара малды азықтандыру және суару технологиясын сақтау.
		Білімдер:
		1. Азықтың зооогигиениялық маңызы. 2. Азық сапасын бағалау және сертификаттау негіздері. 3. Азықты малға беруге дайындау технологиясы. 4. Сүтті өнімділік бағытындағы ірі қара малдың бұзаулары мен төлін өсіру және күтіп-ұстау технологиялары. 5. Азық дайындау технологииялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Жануарларды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың технологиялық тізбегін орындау		

	Дағды 1: Сауын сиырларды азықтандыру және суару технологиясын сақтау	Машықтар:
		1. Азықтандыру және суару режимін сақтау. 2. Механикаландырылған агрегаттарға қызмет көрсету. 3. Жем-шөпті таратпас бұрын оның сапасын бақылау. 4. Рацион мен жануарлардың физиологиялық жағдайын ескере отырып, жем дайындап, тарату. 5. Азықтандыру, жем-шөп пен судың шығыны бойынша есеп жүргізу. 6. Астаулардың, суаттардың және жем дайындайтын цехтың тазалығы мен санитарлық жағдайын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Азықтың қоректілігі мен қорытылуын есепке алғандағы азықтандыру нормалары мен режимі. 2. Фермалар мен кешендерде ірі қара малды күтіп-ұстаудың зоогигиеналық нормалары. 3. Жем-шөптің классификациясы және олардың қоректік құндылығы. 4. Азықтандырудың сауынды сиырлардың өнімділігі мен денсаулығына әсері. 5. Су сапасына қойылатын талаптар және жануарларды суару технологиясы. 6. Жем таратқыштар, суаттар және басқа да жабдықтармен жұмыс істеудің негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Бұзаулар мен толықтырушы төлді азықтандыру және суару технологиясын сақтау	Машықтар:
		1. Сүтті және сүттіден кейінгі кезеңде бұзауларды азықтандыру және суару технологиясын сақтау. 2. Толықтырушы төлді азықтандыру және суару технологиясын сақтау. 3. Сүт алмастырғыштар мен ботқаларды дайындау, жем мен судың температуралық режимін сақтау. 4. Жем-шөптің желінуін және бұзаулардың жағдайын бақылау. 5. Жас малдың азықтандыруы мен өсуін жеке есепке алу. 6. Құрал-саймандардың, астаулар мен суаттардың тазалығын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Сүтті өнімділік бағытындағы ірі қара малдың ересек мал басының және төлдерінің су тұтынуының тәуліктік нормалары. 2. Азық қорыту физиологиясы және биологиясы. 3. Бұзауларды азықтандырудың жас ерекшеліктері (өсу кезеңдері, ірі азықтарға көшу). 4. Бұзаулар мен жас малға қолданылатын азықтардың құрамы мен қоректік құндылығы. 5. Жас малды азықтандыру кезіндегі санитария мен гигиена талаптары. 6. Азықтандырудағы ауытқулардың белгілері (іш өту, өсуінің артта қалуы және т.б.) және олардың алдын алу шаралары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 2. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II ҚРЗ. 3. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II ҚРЗ. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ. 6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы – "Жануарларды өсіру, сату объектілеріне қойылатын ветеринария. 8. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы – "Жануарлармен айналысу қағидаларын бекіту туралы". Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 тіркелген.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
10. Кәсіптің карточкасы «Сүт фермаларының жұмысшысы»:			
Топтың коды:	6121-9		
Қызмет атауының коды:	6121-9-005		
Кәсіптің атауы:	Сүт фермаларының жұмысшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы V бөлік 20-бөлім. Мал шаруашылығындағы жұмыс. 74. Сауыншы. Параграф 1. Сауыншы, 4-разряд.		
	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы V бөлік 20-бөлім. Мал шаруашылығындағы жұмыс. 74. Сауыншы. Параграф 2. Сауыншы, 6-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	6121-9-006 - Фермер, сүт өнімдері		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру жөніндегі негізгі өндірістік процестерді орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сүтті бағыттағы асыл тұқымды мал шаруашылығында өндірістік процестерді орындауға қатысу 2. Тауарлы сүтті ірі қара мал шаруашылығында өндірістік процестерді орындауға қатысу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Сүтті бағыттағы асыл тұқымды мал шаруашылығында өндірістік процестерді орындауға қатысу			

	Дағды 1: Сүтті бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымды мал басын көбейтуді жоспарлау үшін бастапқы деректерді мониторингілеу, жинау және талдау	Машықтар: 4 разрядқа арналған машықтар 1. Бұзаулар мен сиырлардың жыныстық қызу жағдайын анықтау. 2. Өрбітудің есептік құжаттарын жүргізу (сұйылту журналы, қызу және төл карталары). 3. Жануарларды жынысы, жасы, физиологиялық жағдайына қарай іріктеу және топтау. 4. Жануарларды сұйылту тәртібі мен мерзімдерін сақтау. 5. Ақпарат жинау және талдау үшін негізгі цифрлық құралдарды пайдалану. 6. Белгіленген параметрлер бойынша тұқымдық топтарды қалыптастыруға қатысу. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Өрбітуді жоспарлау үшін деректер жинау процесін ұйымдастыру және бақылау (қызу, сұйылту, сүттегілік, төлдеу). 2. Өрбітудің көрсеткіштерін талдау (сұйылту индексі, сүттегілік коэффициенті, түсік, қайта сұйылту және т.б.). 3. Өрбітуді жоспарлау үшін цифрлық есеп және талдау жүйелерін пайдалану (1С, SELEX, Excel және т.б.). 4. Өрбітудің бұзылу себептерін анықтау және оларды жою шараларын ұсыну. 5. Сұйылту, сүттегілік және төлдеу жоспарын құрастыру және орындалуын бақылау. 6. Сиырлар мен бірінші төлдеген бұзаулардың босанар алдындағы және босанғаннан кейінгі физиологиялық жағдайын бақылау. 7. Генетикалық, зоотехникалық және өнімділік деректеріне негізделген тұқымдық топтарды қалыптастыруға қатысу. 8. Бірінші төлдеген бұзаулар мен жаңа төлдеген сиырларды жекелей көрсеткіштерге сәйкес сауынды қамтамасыз ету. 9. Бұзауларға ветеринарлық өңдеу жүргізу және төлдеуге бақылау жасау.

	Білімдер:
	4 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарлардың көбею физиологиясының негіздері. 2. Жануарлардағы жыныстық қызудың мерзімділігі мен белгілері. 3. Зоотехникалық құжаттарды жүргізу түрлері мен тәртібі. 4. Тұқымдық ядроға жануарларды іріктеу талаптары. 5. Сүт бағытындағы мал шаруашылығындағы тұқымдық жұмыстың негіздері. 6. Сұйылту мен бақылау тексерулерінің нормативтік мерзімдері. 7. Тұқымдық шаруашылықтарда есеп пен есептілікті жүргізу талаптары. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Ірі қара малдың көбею физиологиясы, жыныстық қызу мен төлдеудің гормоналды және мінез-құлық белгілері. 2. Сиырлардың анатомиясы мен физиологиясы, желіннің құрылысы мен сүт түзілу ерекшеліктері. 3. Төлдеудің жақындағанын білдіретін белгілер және төл қабылдау алгоритмі. 4. Жаңа туған бұзауларға ветеринарлық өңдеу жүргізу және күтім жасау талаптары. 5. Сиырларды төлдегеннен кейін азықтандыру, суару және ұстау нормативтері. 6. Сиырлар мен алғаш төлдеген қашарлардың сүт өнімділігін арттыратын сауынды бастау әдістері. 7. Тұқымдық көрсеткіштер (сауын көлемі, тегі, өнімділік индексі) және негізгі табынға іріктеу критерийлері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

Дағды 2: Сүтті бағыттағы ірі қара малдың толықтырушы төлін өсіру мен өткізуді жоспарлау	Машықтар:
	4 разрядқа арналған машықтар 1. Бұзауларды туған сәттен бастап есепке алу: сәйкестендіру, жынысы, салмағы, тегі. 2. Ремонттық табынға өсіруге арналған жас малды зоотехниялық белгілеріне қарай іріктеу. 3. Бұзаулардың жасына байланысты азықтандыру және суару схемаларының орындалуын бақылау. 4. Жас малдың әр түрлі өсу кезеңдеріндегі жалпы жағдайы мен дамуын бағалау (өсу, күйіс қайтару, тәбет). 5. Ремонттық бұзауларды вакцинациялау және дегельминтизациялау кестесін құрастыруға қатысу. 6. Бұзауларды жас ерекшеліктеріне сәйкес уақытылы топтарға бөлу (жеке орындардан топтық қораларға көшіру және т. б.). 7. Жас малды ұстауға арналған үй-жайлар мен жабдықтарды дайындауға көмектесу. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Жас малды өсіру бағдарламаларын генетикалық әлеуетін ескере отырып әзірлеу және түзету. 2. Қашарларды іріктеу кезінде ата-аналық желілердің өнімділігі мен тұқым қуалаушылығына талдау жүргізу. 3. Жас малды күту, вакцинациялау және бордақылау бойынша қызметкерлердің жұмысын үйлестіру. 4. Жас малды ұрықтандыруға дайындау іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру. 5. Негізгі табынға енгізу немесе жарамсыз деп тану мақсатында биометриялық көрсеткіштерді (өсу, дене пішінінің индексі) бағалау. 6. Жас мал ұстайтын аймақтарда ветеринарлық-санитарлық талаптардың сақталуын бақылау. 7. Қашарлардың сақталуы, өсуі, жарамсыздығы және өткізілуі бойынша есеп беру құжаттарын жасау.
	Білімдер:
	4 разрядқа арналған білімдер 1. Жас ірі қара малдың өсуі мен дамуының физиологиясының негіздері. 2. Бұзауларды жас топтары мен өсіру кезеңдеріне қарай жіктеу. 3. Бұзауларды өсіру кезіндегі ұстау жағдайларына, микроклиматқа және гигиенаға қойылатын талаптар. 4. Бұзауларды әр кезеңде азықтандыру және суару нормалары. 5. Табынға іріктеуге арналған негізгі белгілер (тірі салмақ, тегі, экстерьер және т.б.). 6. Жас мал арасында аурулардың алдын алу негіздері (вакцинация, дегельминтизация). 7. Жас мал бойынша бастапқы зоотехникалық құжаттаманы жүргізу тәртібі. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Табынды қалыптастыру үшін жануарларды іріктеудегі генетикалық-селекциялық принциптер. 2. Тұқымдық құндылық көрсеткіштері және оларды есептеу әдістері. 3. Тұқымдары мен түрлері бойынша ремонттық жас малды өсірудің стандарттары мен нормативтері. 4. Қашарларды өсіруге жұмсалатын шығындарды жоспарлау және экономикалық бағалау негіздері. 5. Жас малды алғашқы ұрықтандыруға дайындауға қойылатын талаптар (жасы, салмағы, физиологиялық жетілуі). 6. Тұқымдық жас малды сатуға қойылатын ветеринариялық, құқықтық және есептік талаптар. 7. Жас малдың өсуі мен дамуын автоматты түрде бақылаудың заманауи әдістері.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Тауарлы сүтті ірі қара мал шаруашылығында өндірістік процестерді орындауға қатысу	Дағды 1: Сүтті бағыттағы ірі қара малдың тауарлық мал басын көбейтуді жоспарлау үшін бастапқы деректерді жинау және талдау	Машықтар: 4 разрядқа арналған машықтар 1. Сауын табындағы көбею көрсеткіштері (ұрықтандыру индексі, буаздық, төлдеу және т.б.) туралы ақпарат жинау. 2. Ұрықтандыру, төлдеу және мал қозғалысы бойынша есеп жүргізу. 3. Қашарлар мен сиырлардың күйлеу белгілерін және ұрықтандыруға дайындығын анықтау. 4. Көбею кезеңіндегі сиырлар мен қашарлардың жалпы жағдайын көзбен бағалау. 5. Көбеюге қатысты есепке алу және журналдарды (қағаз немесе электронды түрде) жүргізудің базалық нысандарын қолдану. 6. Жиналған мәліметтерді талдау үшін зоотехник немесе ветеринар маманға тапсыру. 7. Ұрықтандыруға жануарларды дайындау бойынша тапсырмаларды орындау (фиксация, гигиена және т.б.). 6 разрядқа арналған машықтар 1. Табындағы репродуктивтік тиімділікті зоотехникалық және ветеринарлық мәліметтер негізінде кешенді талдау. 2. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен сандық есептерді (буаздық, ұрықтандыру, төлдеу бойынша) түсіндіру. 3. Талдау нәтижелері бойынша көбею көрсеткіштерін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу. 4. Көбею бойынша далалық және зертханалық мәліметтерді салыстыру және нақтылау. 5. Ұрықтандыру мен төлдеудің кестесін маусымдылықты, өнімділікті және жануарлардың физиологиялық жағдайын ескере отырып жоспарлау. 6. Көбеюді жақсартуға бағытталған шаралардың экономикалық тиімділігін бағалау. 7. Аналитикалық есептерді құрастыру және оларды басшылыққа таныстыру.

		Білімдер:
		4 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарлардың көбею физиологиясының негіздері. 2. Өнімділік көрсеткіштері және олардың көбеюге әсері. 3. Сиырлар мен бірінші рет бұзаулаған малдың күйлеу белгілері. 4. Ұрықтандыру мен төлдеу бойынша құжаттаманы жүргізу тәртібі. 5. Көбею кезеңінде жануарларды ұстау шарттарына қойылатын талаптар. 6. Жануарларды ұрықтандыруға дайындауда азықтандыру мен гигиенаның рөлі. 7. Жануарлармен жұмыс істеу кезіндегі санитария және қауіпсіздік техникасының негіздері. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Репродуктивті өнімділікті талдаудың заманауи әдістері және көбею биотехнологиялары. 2. Зоотехникалық бағдарламалармен жұмыс істеу принциптері (1С:Мал шаруашылығы, SELEX, Uniform Agri және т.б.). 3. Өнімді ұзақ өмір сүруге және малды жарамсыз етуге әсер ететін көрсеткіштер. 4. Тауарлы табынды көбею тұрғысынан жоспарлау және бағалау бойынша нормативтер мен регламенттер. 5. Төмен буаздық пен қайталап ұрықтандыру себептерін анықтау және жою әдістері. 6. Топ немесе бүкіл табын деңгейінде көбею циклін басқарудың негіздері. 7. Тауарлы сүтті ірі қара шаруашылығындағы көбею тиімділігінің биоэкономикалық талдау принциптері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Асыл тұқымды және тауарлық ірі қара малды өсірудің жаңа технологиясын енгізу бойынша шаралар әзірлеу	Машықтар:
		4 разрядқа арналған машықтар 1. ІҚМ өсірудің қолданыстағы технологияларын талдау және оларды жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау. 2. Жергілікті жағдайларды ескере отырып, жаңа технологиялық процестерді енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу. 3. Жаңа технологиялардың жануарлардың өнімділігі мен денсаулығына әсерін бағалау. 4. Инновацияларды енгізу бойынша іс-шаралар жоспарын құрастыру және оның орындалуын бақылау. 5. Жаңа технологияларды қолдану бойынша персоналға нұсқаулық өткізу және оқыту. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Ғылыми зерттеулер мен өндірістік жағдайларды ескере отырып, ІҚМ өсірудің инновациялық технологияларын енгізу бойынша кешенді бағдарламаларды әзірлеу және бейімдеу. 2. Жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде әртүрлі бөлімдер мен мамандардың жұмысын үйлестіру. 3. Статистикалық деректер мен мониторинг негізінде енгізілген технологиялардың тиімділігіне кешенді талдау жүргізу. 4. Жаңа өсіру технологиялары бойынша персоналға арналған әдістемелік ұсынымдар мен стандарттарды әзірлеу. 5. Жаңа технологиялар саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мен оқытуды ұйымдастыру. 6. Технологиялық процестерді жаңғырту жобаларын басқару және олардың экономикалық тиімділігін бағалау.

		Білімдер:
		4 разрядқа арналған білімдер 1. ІҚМ-дағы генетика және асылдандыру жұмысының негіздері. 2. Асыл тұқымды және тауарлық ІҚМ өсірудің заманауи әдістері мен технологиялары. 3. Жануарлардың дамуы мен өнімділігіне күтім мен азықтандыру жағдайларының әсері. 4. ІҚМ өсіруді реттейтін технологиялық регламенттер мен нормативтік құжаттар. 5. Енгізілген технологиялардың тиімділігін бағалау әдістері. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Асыл тұқымды және тауарлық ІҚМ өсіру саласындағы заманауи инновациялық технологиялар мен ғылыми жетістіктер. 2. Технологиялық жаңалықтарды енгізу тиімділігін бағалау және жобалық басқару әдістемелері. 3. Ауыл шаруашылық өндірісінің экономикасы және инновацияларға инвестиция салуды жоспарлау негіздері. 4. Мал шаруашылығында жаңа технологияларды енгізуді реттейтін нормативтік және әдістемелік құжаттар. 5. Жаңа жұмыс тәсілдеріне бейімделу және персоналды өзгерістерге бейімдеу ерекшеліктері. 6. Мал шаруашылығындағы мониторингтің, автоматтандырудың және цифрландырудың заманауи жүйелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Мақсаткерлік Аналитикалық ойлау Сыпайылық Мейірімділік Төзімділік пен еңбексүйгіштік Парасаттылық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 2. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II ҚРЗ. 3. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II ҚРЗ. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ. 6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы – "Жануарларды өсіру, сату объектілеріне қойылатын ветеринария. 8. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы – "Жануарлармен айналысу қағидаларын бекіту туралы". Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 тіркелген.	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы
	5	Сүт өндірісінің зоотехнигі
11. Кәсіптің карточкасы «Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы»:		
Топтың коды:	8341-9	
Қызмет атауының коды:	8341-9-011	
Кәсіптің атауы:	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3	

СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 1. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 2-разряд.		
	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 2. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 4-разряд.		
	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 3. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 5-разряд.		
	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 87. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы. Параграф 4. Мал өсіру кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы, 6-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Ауыл шаруашылығын механикаландыру	Біліктілік: Механикаландырылған фермалар мен мал өсіру кешенінің операторы
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама немесе қысқа мерзімді оқыту		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	6121-3-010 - Мал шаруашылығындағы техник-ұрықтандырушы 3240-0-009 - Жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі техник		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Қолдан ұрықтандыруға қатысты барлық өндірістік процестерді жоспарлау және үйлестіру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жануарларды жыныстық күйіт жағдайында анықтау және сиырлар мен қашарлардың жыныстық күйітін анықтау 2. Малдарды қолдан ұрықтандыруды жүргізуге шығыс материалдарын, жабдықтар мен құралдарды дайындау 3. Қолдан ұрықтандыруға арналған тұқымдық бұқалардан шәует өнімін алу және дайындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жануарларды жыныстық күйіт жағдайында анықтау және сиырлар мен қашарлардың жыныстық күйітін анықтау			

	Дағды 1: Сыртқы белгілері бойынша және сынама бұқаларды пайдалана отырып, күйітті сиырлар мен қашарларды анықтау	Машықтар: 2 разрядқа арналған машықтар 1. Жануарлардың мінез-құлқы мен жағдайын бақылап, жыныстық қызудың белгілерін анықтау. 2. Сиырлар мен қашарлардың жыныстық қызуын сыртқы белгілер (мазасыздық, бөлінділер және т.б.) арқылы анықтау. 3. Жыныстық қызудың бар-жоғын нақтылау үшін сынаушы бұқа арқылы жыныстық қызуды анықтау. 4. Сынаушы бұқалармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету. 5. Жыныстық қызу жағдайындағы жануарларды есепке алу. 6. Ұрықтандыруға жататын жануарларды таңдап, оларды рәсімге дайындау. 4 разрядқа арналған машықтар 1. Сиырлар мен қашарлардың жыныстық қызуын сыртқы белгілер мен мінез-құлық реакциялары арқылы анықтау. 2. Жануарларда жыныстық қызу жағдайын нақтылау үшін пробник-бұқаларды қолдану. 3. Ұрықтандыруға жататын жануарларды іріктеп, оларды ЖҰ пунктіне бағыттау. 4. Жыныстық қызу күйінде анықталған жануарларды есепке алу. 5. Сынаушы бұқалармен жұмыс барысында қауіпсіздік пен бақылауды қамтамасыз ету. 6. Жыныстық қызуды анықтау кезінде зоогигиеналық талаптарды сақтау. 5 разрядқа арналған машықтар 1. Жануарлардың мінез-құлқын бақылап, жыныстық қозудың белгілерін анықтау (қозғалмау рефлексі, жыныс мүшелерінің ісінуі мен бөлінділер және т.б.). 2. Сынаушы бұқаларды пайдаланып, сиырлар мен қашарларда жыныстық қозуды нақтылау. 3. Жыныстық қозу жағдайындағы жануарлардың жеке есебін жүргізу. 4. Жыныстық қозудағы сиырларды жасанды ұрықтандыру пунктіне айдап апару. 5. Сынаушы бұқалармен және қашарлармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау. 6. Ұрықтандырудың тиімділігін арттыру үшін жыныстық қозу мерзімін дәл анықтауды бақылау. 7. Сынаушы бұқаларды санитарлық талаптарға сәйкес күтіп-ұстау. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Автоматтандырылған жүйелер мен мониторинг бағдарламаларын қолданып, жыныстық қозуды ерте және дәл диагностикалау. 2. Сиырлар мен қашарлардың репродуктивтік жағдайын бағалау үшін визуалды және тактильдік тексеру әдістерін қолдану. 3. Жасырын жыныстық қозуды анықтау және оның ұзақтығын белгілеу. 4. Жыныстық қозу жағдайлары мен ұрықтандыру нәтижелері бойынша электронды дерекқор жүргізу. 5. Бұқалар мен аналық мал арасындағы өзара әрекетті қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастыру, жарақаттардың алдын алу. 6. Малды ұрықтандыруды ұйымдастыру бойынша персоналдың жұмысын үйлестіру, жыныстық қозуға келу графигін жоспарлау. 7. Жыныстық қозуды синхрондау қолданылатын болса, гормондық препараттарды енгізуге жануарларды дайындау жұмыстарын жүргізу.

	Білімдер:
	2 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың физиологиялық белгілері. 2. Сынаушы бұқаларды қолдану әдістері мен ережелері. 3. Сынаушы бұқаларды ұстау және олармен жұмыс істеу ережелері. 4. Ірі қара малмен жұмыс істеу кезіндегі зоогигиена негіздері және еңбек қауіпсіздігі техникасы. 5. Жыныстық қозу жағдайындағы жануарларды тіркеу мен есепке алу тәртібі. 4 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың белгілері мен фазалары. 2. Жыныстық қозуды анықтау әдістері мен техникасы, оның ішінде сынаушы бұқаларды қолдану. 3. Сынаушы бұқаларды ұстау, іріктеу және қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. 4. Жыныстық қозудағы жануарларды есепке алу талаптары. 5. Ірі қара малдың репродуктивті физиологиясының негіздері. 6. Табынды көбейту кезінде сақталатын зоогигиеналық нормалар. 5 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарларда жыныстық қозудың негізгі мінез-құлықтық және физиологиялық белгілері. 2. Сынаушы бұқаларды ұстау және пайдалану ережелері. 3. Сиырлардың жыныс жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері. 4. Ұрықтандырудың оңтайлы мерзімін анықтау әдістері. 5. Жануарларды қолдан ұрықтандыруға дайындау тәртібі. 6. Жыныстық қозудағы жануарларды есепке алу жүргізу ережелері. 7. Ірі қара малмен жұмыс істеу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі талаптары. 8. Ветеринария негіздері және ірі қара малдың репродуктивтік циклы. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Қызу (жыныстық күйлеу) кезеңінің жасырын (субклиникалық) белгілері және оларды анықтау әдістері. 2. Ұрықтандыруға қолайлы кезеңнің басталуын көрсететін биохимиялық және мінез-құлық маркерлері. 3. Микроклимат пен азықтандыру рационының ІҚМ-да жыныстық күйлеудің байқалуына әсері. 4. Жыныстық күйлеуді синхрондау және көбею процесін гормоналды бақылау әдістері. 5. Репродукцияны бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінің жұмыс принциптері (мысалы, педометрлер, мойын белгішелері және т.б.). 6. Жыныстық күйлеудің уақытында немесе дұрыс анықталмауына байланысты зооветеринариялық қауіптер. 7. Жануарларды ұрықтандыру алдында санитарлық-гигиеналық дайындау ережелері. 8. Сынаушы бұқаларды жоғары өнімділік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жағдайларда ұстау талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 2: Ұрықтандыру журналында және жыныстық күйітті анықтау туралы карточкада жазба жүргізу	Машықтар: 2 разрядқа арналған машықтар 1. Белгіленген форма бойынша ұрықтандыру журналына жазбалар енгізу. 2. Маманның нұсқауымен жыныстық күйлеуді анықтау есеп карточкаларын толтыру. 3. Жыныстық күйлеуі анықталған малдардың күнін және нөмірін белгілеу. 4. Есеп құжаттарын ретпен сақтау және зоотехник/ветдәрігерге қолжетімділігін қамтамасыз ету. 5. Ұрықтандыру нәтижелерін талдау үшін жазбаларды уақтылы мамандарға тапсыру. 4 разрядқа арналған машықтар 1.Жыныстық күйлеудің циклділігін ескере отырып, ұрықтандыру журналын және күйлеу карточкаларын өз бетінше жүргізу. 2. Ұрықтандыру, қайта ұрықтандыру және брак (прохолост) нәтижелерін тіркеу. 3. Есеп құжаттарындағы сәйкессіздік пен қателіктерді анықтау және оларды түзету. 4. Ұрықтандыру деректерін кейінгі көбеюді талдау үшін жүйелеу. 5. Жазбаларды түзету кезінде ветеринариялық және зоотехникалық мамандармен өзара әрекеттесу. 6. Ұрықтандыру және күйлеуді анықтау бойынша есеп беру үшін жиынтық кестелерді дайындау. 5 разрядқа арналған машықтар 1. Ұрықтандыру деректерін буаздық нәтижелерімен салыстырып, ұрықтандыру тиімділігін анықтау. 2. Ұрықтандыру есебін зоотехникалық және ветеринариялық іс-шаралармен байланыстырып жүргізу. 3. Ұрықтандыру кестелерін құрастыру мен буаздықты бақылау тексерулерін жоспарлауға қатысу. 4. Ауытқулар мен стандарттан тыс жағдайларды (күйлеудің өтіп кетуі, кеш анықтау, асқынулар және т.б.) рәсімдеу. 5. Репродукцияны есепке алу бойынша цифрлық жүйелерді қолдану (бар болған жағдайда) немесе деректерді енгізуге дайындау. 6. Репродукция бойынша есептік нысандар мен жиынтықтарды алдын ала дайындау. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Ұрықтандыру деректерін талдау, үрдістерді анықтау және репродуктивтік көрсеткіштерді жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау. 2. Журналдар мен карточкаларға деректердің уақытылы және толық енгізілуін бақылау, нақты нәтижелермен салыстыру. 3. Есептік құжаттарды белгіленген сақтау мерзімдеріне сәйкес жүйелеу және архивтеу. 4. (Егер көзделсе) басқа қызметкерлердің есеп жүргізу дұрыстығын бақылау. 5. Репродукцияны басқарудың цифрлық жүйелерін (АСУ, 1С, Zootech және т.б.) жоғары деңгейде қолдану. 6. Ұрықтандыруға қатысты құжаттар бойынша ветеринариялық және зоотехникалық тексерістерге дайындықты жүргізу.

		Білімдер:
		2 разрядқа арналған білімдер 1. Фермаларда қолданылатын негізгі есеп формалары (ұрықтандыру журналы, күйлеу карточкасы және т.б.). 2. Журналдарды қолмен және/немесе электронды түрде толтыру ережелері. 3. Күйлеуді және ұрықтандыруды тіркеу кезінде қолданылатын белгілер мен қысқартулар. 4. Есепті хронологиялық тәртіппен жүргізу тәртібі. 5. Жазбалардың дәлдігі мен шынайылығы үшін жауапкершілік. 6. Қағазбен және негізгі кеңсе құралдарымен (қалам, сызғыш және т.б.) жұмыс істеудің қарапайым дағдылары. 4 разрядқа арналған білімдер 1. Сиырлар мен қашарлардың күйлеу кезеңі мен белгілері және оны есепке алу ережелері. 2. Табынды көбейту бойынша ұзақ мерзімді есеп жүргізу қағидалары. 3. Жасанды ұрықтандыру пункттерінің жұмысын ұйымдастыру негіздері. 4. Зоотехникалық құжаттаманы нормативтерге сай жүргізу және сақтау талаптары. 5. Зоотехникалық және ветеринариялық қызметтерге арналған ұрықтандыру бойынша есеп форматтары мен құрылымы. 6. Мал топтарына (жөндну жұмыстары, жас мал, қашарлар, сауынды сиырлар және т.б.) байланысты есеп жүргізудің ерекшеліктері. 5 разрядқа арналған білімдер 1. Ұрықтандыру тиімділігін бағалау әдістері және оны есеп құжаттарына енгізу тәртібі. 2. Буаздық пен қайталама күйлеуді тіркеу кезінде ветеринариялық қызметпен өзара әрекеттесу тәртібі. 3. Ұрықтандыру дан кейінгі бақылау тексерістерін жүргізудің стандарттары мен нормативтік мерзімдері. 4. Ұрықтандыру карточкаларындағы жіктеу және шартты белгілер (топтар бойынша, нөмірлер, нәтижелер). 5. Көбею көрсеткіштерін талдау негіздері және олардың табын өнімділігіне әсері. 6. Әртүрлі типтегі фермаларда ұрықтандыру журналдарын жүргізуге қойылатын шаруашылықішілік талаптар. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Көбейту көрсеткіштерін терең талдау әдістері (ұрықтандыру индексі, жүкті болу коэффициенті және т.б.). 2. Ірі мал шаруашылықтары мен селекциялық фермалардағы цифрлық дерекқорларға қойылатын талаптар. 3. Ветеринарлық және мал дәрігерлік нормативтерге сәйкес журналдар мен карточкаларды рәсімдеу ережелері. 4. Ішкі және сыртқы бақылауларға арналған жасанды ұрықтандыру бойынша есеп беру стандарттары. 5. Селекциялық қызметтер, зертханалар және мал дәрігерлік бақылаумен өзара әрекеттесу тәртібі. 6. Деректердің дұрыстығын тексеру және шын мәніндегі көрсеткіштер мен есептік деректер арасындағы сәйкессіздіктерді жою ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Малдарды қолдан ұрықтандыруды жүргізуге		

шығыс материалдарын, жабдықтар мен құралдарды дайындау	Дағды 1: Қынапты және шәует алу үшін өзге де жабдықтарды дайындау	Машықтар: 2 разрядқа арналған машықтар 1. Нұсқаулықтарға сәйкес шәует алу үшін жұмыс орнын және құралдарды дайындау. 2. Құрал-жабдықты алғашқы тазалауды орындау (жуу, кептіру). 3. Құралдар мен тұтыну материалдарын санитарлық талаптарға сай сақтау. 4. Жоғары білікті маманның бақылауымен құрал-жабдық пен материалдарды жинауға көмектесу. 5. Жеке гигиенаны сақтау және құралдармен жұмыс істегенде жеке қорғану құралдарын пайдалану. 4 разрядқа арналған машықтар 1. Шәует алу үшін құрал-жабдықтар жинағын белгіленген нормаларға сай дайындау. 2. Жасанды вагинаның қолданар алдында жарамдылығын және толықтығын тексеру. 3. Вагина мен байланысты құралдарды дайындау және сақтау кезінде температура режимін ұстау. 4. Құрал-жабдықты ветеринарлық-санитарлық ережелерге сәйкес дезинфекциялау. 5. Шәуетті жинау және тасымалдау ыдыстарын дайындау. 6. Стерильденген құралдарды қолдануға дейін дұрыс сақтау. 7. Жұмыс орнын және құрал-жабдықты гигиена мен еңбек қауіпсіздігі талаптарына сай күтіп ұстау. 5 разрядқа арналған машықтар 1. Жасанды вагинаның техникалық жағдайы мен герметиктілігін қолданар алдында бақылау. 2. Шәует алу талаптарына сәйкес жасанды вагинаның параметрлерін (температура, қысым) реттеу. 3. Лабораториялық термометрлер мен термостаттарды қолдана отырып, вагинадағы температураны бақылау. 4. Зоотехникалық тәжірибеде рұқсат етілген арнайы майлау материалдарын пайдалану. 5. Қолданылған құрал-жабдыққа қатысты қоса берілетін құжаттаманы (есепке алу, өңдеу, жарамдылық мерзімі) рәсімдеу. 6. Стерильділік шарттары бұзылған жағдайда құрал-жабдықты қайта санитарлық өңдеуден өткізу. 7. Ветеринарлық талаптарға сәйкес Шәует алу процедурасына бөлме мен жұмыс үстелін дайындау. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Биологиялық қауіпсіздік пен ветеринарлық нормаларды ескере отырып, құрал-жабдықты дайындау технологиялық процесін ұйымдастыру. 2. Экспресс-тесттер мен индикаторларды пайдалана отырып, құрал-жабдықтың стерильдігін бақылау. 3. Құрал-жабдық жұмысындағы ақаулар мен жарамсыздықтардың себептерін талдау және оларды жоюға шаралар қабылдау. 4. Автоклавтар, термостаттар және стерилизаторлардың параметрлерін калибрлеу және тексеру жұмыстарын жүргізу. 5. Құрал-жабдықты профилактикалық өңдеу схемалары мен кестелерін әзірлеп, оларды жұмыс процесіне енгізу. 6. Құрал-жабдық пен шығын материалдармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау және санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету. 7. Құрал-жабдықты дайындау және стерилизациялау бойынша кіші қызметкерлердің жұмысын басқару.

Білімдер:	
2 разрядқа арналған білімдер 1. Жасанды мүше мен басқа негізгі құрал-жабдықтың тағайындалуы және жалпы құрылымы. 2. Шәуетті алу кезінде қолданылатын негізгі шығын материалдары мен құралдардың атаулары және мақсаты. 3. Құрал-жабдықты дайындауда санитария және гигиенаның негіздері. 4. Стерильді материалдарды сақтау және тасымалдау талаптары. 5. Құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелері. 4 разрядқа арналған білімдер 1. Жасанды мүше мен қосымша құрал-жабдықты дайындау операцияларының реттілігі. 2. Мүшені дайындау кезіндегі температура режимі және сақтау шарттары. 3. Шәуетті алу кезінде қолданылатын шығын материалдарының түрлері мен мақсаты. 4. Стерильділіктің нормативтері және құрал-жабдықты санитарлық өңдеудің сапасын бақылау әдістері. 5. Өндірілген Шәуетті сақтау және тасымалдау талаптары. 6. Құрал-жабдықты дайындау кезінде еңбекті қорғау негіздері және жеке қорғау құралдарын қолдану. 7. Шәуетті алу және алғашқы өңдеу кезінде ластануды болдырмау шаралары. 5 разрядқа арналған білімдер 1. Жасанды мүшенің нормативтік параметрлері (су температурасы, қысым, материал). 2. Құрал-жабдық материалына байланысты дезинфекция және стерилизация ерекшеліктері. 3. Құрал-жабдықты дайындау шарттары бұзылған кезде туындайтын санитарлық қауіптер және оларды болдырмау жолдары. 4. Шәуетті алу бөлмелеріндегі микроклимат талаптары (жарықтандыру, желдету, температура). 5. Құрал-жабдықты дайындау кезінде қолданылатын зертханалық және қосымша құралдардың түрлері. 6. Қолданылған және стерильді материалдарды есепке алу және сақтау тәртібі. 7. Жасанды ұрықтандыруға арналған құрал-жабдықты дайындау бойынша құжат айналымы және журналдарды жүргізу ережелері. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Құрал-жабдықты стерильдеудің қазіргі технологиялары мен әдістері (бу, химиялық, УФ сәулелену және басқалар). 2. Шәуетті алу үшін құрал-жабдықты дайындауда ішкі сапа мен қауіпсіздік бақылау жүйелері. 3. Құрал-жабдық пен ыдыстардың микробиологиялық бақылауын жүргізу әдістемесі. 4. Ұрықтандыру құралдарын қолданғанда зоотехникалық және ветеринарлық қауіпсіздік қағидалары. 5. Репродуктивті жұмысқа қолданылатын ветеринарлық-санитарлық нормалар. 6. Құрал-жабдықтардың санитарлық талаптарға сәйкес еместігі анықталған кезде әрекет ету алгоритмі. 7. Жұмыс орнын кешен деңгейінде ұйымдастыру негіздері, жасанды ұрықтандыру маманына арналған.	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 2: Қолдан ұрықтандыру процесін іске асыру үшін қажетті стерильді ерітінділер мен орталарды дайындау	Машықтар: 2 разрядқа арналған машықтар 1. Стерильді ерітінділермен жұмыс істеуге арналған жұмыс орнын және құрал-жабдықтарды дайындау. 2. Белгіленген рецептура бойынша стерильді ерітінділердің компоненттерін мөлшерлеу. 3. Қарапайым стерилизация әдістерін қолдану (қайнату, күйдіру). 4. Ерітінділер мен зертханалық ыдыстармен жұмыс кезінде тазалық пен тәртіпті сақтау. 5. Ерітінділермен жұмыс істегенде жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолдану. 4 разрядқа арналған машықтар 1. Лабораториялық құралдарды пайдалана отырып, берілген концентрациядағы стерильді ерітінділерді дайындау. 2. Ерітінділер мен орталарды зарарсыздандыру үшін автоклав, стерилизаторлар мен сүзгілерді қолдану. 3. Шәуетті сұйылтуға арналған биологиялық және синтетикалық орталардың құрамын дайындау және бақылау. 4. Стерильді ерітінділердің мөлдірлігі, біркелкілігі және pH деңгейін бағалау. 5. Ерітінділерді дайындау және қолдану жөнінде қарапайым құжаттарды жүргізу. 5 разрядқа арналған машықтар 1. Орта дайындау кезінде жабдық пен зертханалық ыдыстардың стерильдігін бақылау. 2. Технологиялық талаптарды ескере отырып, күрделі қоректік және сұйылтқыш орталарды дайындау. 3. Ерітінділерді дайындау кезінде компоненттерді автоматты түрде мөлшерлеу құралдарын қолдану. 4. Компоненттердің дәл мөлшерін анықтау үшін зертханалық құрал-жабдықтарды калибрлеу және баптау. 5. Дайындалған ерітінділердің сапасын бақылау (pH, мөлдірлік, стерильдік). 6. Биологиялық орталарды дайындау кезінде ветеринарлық-санитарлық талаптарды сақтау шарттарында жұмыс істеу. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Күрделі зертханалық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, стерильді ерітінділерді дайындау процесін ұйымдастыру және бақылау. 2. Шәуетті сақтау және тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып, стерильді орталардың рецептурасын әзірлеу және түзету. 3. Дайындалған орталардың сапасын бақылау нәтижелерін талдау және түсіндіру. 4. Стерильді ерітінділерді дайындау және қолдану бойынша толық трассируемдік пен құжаттаманы жүргізу. 5. Қазіргі талаптарға сай зертханалық жағдайда сапа және санитария стандарттарын енгізу және бақылау. 6. Жас қызметкерлерді зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеуге және орта дайындауға оқыту процесін ұйымдастыру және басқару.

		Білімдер:
		2 разрядқа арналған білімдер 1. Жасанды ұрықтандыруда қолданылатын ең қарапайым стерильді ерітінділердің тағайындалуы. 2. Ерітінділер мен орталардың құрамындағы негізгі компоненттер. 3. Стерильді ерітінділерді сақтау және белгілеу ережелері. 4. Зертханалық ыдыс-аяқ пен құралдарды жұмысқа дайындау тәртібі. 5. Ерітінділерді дайындау кезінде санитария және гигиена талаптары. 4 разрядқа арналған білімдер 1. Шәуетті сақтау және сұйылту үшін стерильді орталардың тағайындалуы мен құрамы. 2. Әртүрлі ерітінділер мен зертханалық ыдыс-аяқтарды стерилизациялау әдістері мен режимдері. 3. Стерильді ортаның микробиология негіздері. 4. Стерильді ерітінділерді сақтау кезінде температура режимдері талаптары. 5. Жасанды ұрықтандыру пунктіндегі ерітінділермен жұмыс жасаудағы санитарлық қауіпсіздік нормативтері. 5 разрядқа арналған білімдер 1. Ерітінділердің құрамы мен қасиеттерінің шәуеттердің сақталуына және белсенділігіне әсері. 2. Стерильді орта мен ерітінділердің сапасын бақылау әдістері. 3. Әртүрлі типтегі қоректік және сұйылтқыш орталарды сақтау шарттары мен мерзімдері. 4. Орталарды дайындау кезінде туындайтын ақаулардың негізгі себептері және оларды алдын алу жолдары. 5. Жасанды ұрықтандыру талаптарына сәйкес жабдықтарды жуу және стерилизациялау режимдері. 6. Лабораториялық дозаторлар, автоклавтар және басқа да арнайы жабдықтардың жұмыс істеу принциптері. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Жасанды ұрықтандыруға арналған стерильді орталарды дайындаудың заманауи технологиялары мен инновациялық әдістері. 2. Мал шаруашылығында стерильді ерітінділерді стандарттау және сертификаттау принциптері. 3. Әртүрлі орталарда Шәуеттозоидтарды сақтау сапасына және сақталуына әсер ететін биохимиялық процестердің ерекшеліктері. 4. Ерітінділерді дайындау зертханаларында техникалық құжаттаманы және есептілікті жүргізудің ережелері мен талаптары. 5. Зертханалық тәжірибеде биоқауіпсіздік пен сапаны бақылаудың қазіргі заманғы талаптары. 6. Стерильді орталарды өндіру және сақтау кезінде микробтық және химиялық ластануды анықтау және алдын алу әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 3: Қолдан ұрықтандыруға арналған тұқымдық бұқалардан шәует өнімін алу және дайындау		

	Дағды 1: Сапалы шәует өнімін алу	Машықтар: 2 разрядқа арналған машықтар 1. Бұзаулардан Шәует алу үшін құрал-жабдықты нұсқаулыққа сәйкес дайындау. 2. Шәуетті алу процесін санитарлық және ветеринарлық нормаларды сақтай отырып орындау. 3. Шәуеттің сапасын көзбен қарап тексеру (түсі, консистенциясы). 4. Шәуетті қысқа мерзімге сақтау үшін қарапайым ерітінділер мен орталарды дайындау. 5. Шәуетті сақтау ыдыстарына қажетті температура режимін сақтай отырып салу. 6. Шәует алу кезінде бұзауларға қарапайым күтім жасау. 4 разрядқа арналған машықтар 1. Шәуетті алу процесін технологиялық және санитарлық нормаларды сақтай отырып ұйымдастыру және бақылау. 2. Шәуеттің сапасын толық визуалды және микроскопиялық талдау жүргізу (қозғалыс, концентрация, морфология). 3. Шәуетті сұйылту және сақтау үшін арнайы орталарды дайындау және қолдану, сақтау мерзімі мен шарттарын ескеру. 4. Шәует алу және сақтау құрал-жабдықтарын калибрлеу және баптау. 5. Шәует өнімін алу, сапасы мен сақтау жөнінде есеп жүргізу және құжаттарды толтыру. 6. Құрал-жабдықтың техникалық ақауларын уақтылы анықтап, жоюды қамтамасыз ету. 5 разрядқа арналған машықтар 1. Өндірістік міндеттер мен сапа талаптарын ескере отырып, Шәует алу және сақтау жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру. 2. Шәуеттің сапасын және стандарттылығын барлық кезеңдерде – алуынан бастап орауына дейін – бақылау. 3. Шәуеттің өміршеңдігін арттыру үшін алу және сақтау технологиялық процестерін түзету. 4. Қызметкерлерді дайындау және биөніммен жұмыс кезінде санитарлық және ветеринарлық нормалардың сақталуын қадағалау. 5. Шәуеттің сапасының төмендеу себептерін талдау және оларды жоюға арналған шараларды енгізу. 6. Автоматтандыру құралдары мен параметрлерді бақылау арқылы құрал-жабдық жұмысына басқару жүргізу. 6 разрядқа арналған машықтар 1. Ғылыми жетістіктерді ескере отырып, Шәует алу және сақтау үшін жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу. 2. Жасанды ұрықтандыру және биөнім сапасын қамтамасыз ету бойынша бірнеше бригаданың жұмысын үйлестіру. 3. Шәуеттің сапасына әсер ететін факторларды кешенді талдау жүргізу және оларды оңтайландыруға ұсыныстар әзірлеу. 4. Биөнімнің сапасын бақылау және есепке алу автоматтандырылған жүйелерін өндірістік процеске интеграциялауды қамтамасыз ету. 5. Шәует алу мен сақтауға байланысты өндірістік тәуекелдерді мониторингтеу және басқару. 6. Лаборатория мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыруға арналған жоспарларды әзірлеу, оның ішінде жаңғырту мен техникалық қызмет көрсету.

	Білімдер:
	2 разрядқа арналған білімдер 1. Бұқалар мен сиырлардың жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясының негіздері. 2. Санитарлық талаптарды ескере отырып, бұқалардан Шәует алу технологиясы. 3. Өндірілген шәует түрлері мен қасиеттері, Шәует сапасының көрсеткіштері. 4. Шәуетті қысқа мерзімді сақтау әдістері мен құралдары. 5. Жануарлармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ережелері. 6. Шәует алу процесімен байланысты аурулардың алдын алу және ветеринарлық гигиена негіздері. 4 разрядқа арналған білімдер 1. Шәуеттің сапасын дәл бағалау әдістері, соның ішінде микроскопиялық және биохимиялық көрсеткіштер. 2. Шәуетті ұзақ мерзімді сақтау үшін қолданылатын әртүрлі сұйылтқыштар мен орталардың құрамы мен қасиеттері. 3. Шәует алу және сақтау жабдығын пайдалану және техникалық қызмет көрсету ережелері. 4. Жасанды ұрықтандыру пунктіндегі зоотехникалық құжаттама жүргізу және есеп беру әдістемелері. 5. Биопродукциямен жұмыс істеу кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен ветеринарлық нормалар. 6. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау принциптері. 5 разрядқа арналған білімдер 1. Өндірілген шәуетті алу, бағалау және сақтау саласындағы қазіргі заманғы әдістер мен технологиялар. 2. Шәуеттің физиологиясы мен биохимиясы, сақтау шарттарының сапасына әсері. 3. Қолданылатын жабдықтардың техникалық сипаттамалары мен мүмкіндіктері, оның ішінде автоматтандырылған жүйелер. 4. Өнімнің ішкі сапа бақылауы және стандарттау ережелері. 5. Қызметкерлерді оқыту әдістемелері және қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылау. 6. Сапаны басқару және өндірістік тәртіп негіздері. 6 разрядқа арналған білімдер 1. Ғылыми жетістіктерді ескере отырып, спермопродукцияны алу және сақтау үшін жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу. 2. Бірнеше жасанды ұрықтандыру бригадасының жұмысын үйлестіру және биопродукция сапасын қамтамасыз ету. 3. Шәуеттің сапасына әсер ететін факторларды кешенді талдау жүргізу және оларды оңтайландыруға ұсыныстар әзірлеу. 4. Өндірістік процеске сапа бақылауы мен биопродукция есеп жүйесінің автоматтандырылған жүйелерін енгізуді қамтамасыз ету. 5. Шәуетті алу және сақтау кезінде өндірістік тәуекелдерді мониторингтеу және басқару. 6. Лаборатория мен жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыруға арналған жоспарлар әзірлеу, оның ішінде техникалық қызмет көрсету және жаңғырту.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 2. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II ҚРЗ. 3. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II ҚРЗ. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ. 6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы – "Жануарларды өсіру, сату объектілеріне қойылатын ветеринария. 8. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы – "Жануарлармен айналысу қағидаларын бекіту туралы". Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 тіркелген.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	1	Әр түрлі қызмет атқарушы, фермерлік шаруашылық	
	4	Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор	
12. Кәсіптің карточкасы «Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор »:			
Топтың коды:	6121-9		
Қызмет атауының коды:	6121-9-004		
Кәсіптің атауы:	Жануарларды ветеринариялық өңдеу жөніндегі оператор		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 90. Малды ветеринарлық өңдеу жөніндегі оператор. Параграф 1. Малды ветеринарлық өңдеу жөніндегі оператор, 5-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: Жануарларды ветеринарлық өңдеу жөніндегі операторы
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама немесе қысқа мерзімді оқыту;		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	6121-9-005 - Сү фермасының жұмысшысы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жаппай емдеу-профилактикалық өңдеу жүргізу, Ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Сүтті бағыттағы ірі қара малдың өлім-жітімі мен ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды орындау 2. Жарақаттану, улану кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету	
	Қосымша еңбек функциялары:		

Еңбек функциясы 1: Сүтті бағыттағы ірі қара малдың өлім-жітімі мен ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды орындау	Дағды 1: Жаппай емдеу-профилактикалық өңдеу жүргізу	Машықтар:
		1. Әр түрлі этиологиясы бар малдарды емдеу үшін терапиялық, хирургиялық тәсілдерді және манипуляцияларды қолдану. 2. Дәрілік және дезинфекциялық заттарды қолдану. 3. Жануарлар мен құстар ауруларының алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу. 4. Дегельминтизация, вакцинация, инъекция және басқа да алдын алу шараларын жүргізу. 5. Жануарларға жарақаттар, улану және жедел жағдайлар кезінде алғашқы ветеринарлық көмек көрсету. 6. Жануарларды және олар ұстайтын орындарды санитарлық өңдеуден өткізу. 7. Жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп жүргізу және есептілік жасау.
		Білімдер:
		1. Ірі қара малдың анатомиясы мен физиологиясы. 2. Жануарлар мен құстардың кең таралған аурулары туралы негізгі мәліметтер және оларды диагностикалау принциптері. 3. Ауру жануарларды емдеу және алдын алу шаралары. 4. Ветеринарлық препараттарды қолдану тәртібі, дозалары және шығарылу түрлері. 5. Мал шаруашылығындағы санитария, гигиена және дезинфекция негіздері. 6. Ветеринарлық шараларды орындау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі талаптары. 7. Ветеринарлық-алдын алу жұмыстарын реттейтін нормативтік құжаттар мен нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Емдеу-профилактикалық іс-шаралар жоспарын жасау және оның орындалуын талдау	Машықтар:
		1. Ветеринариялық қызметте визуалды және техникалық бақылау әдістерін қолдану. 2. Мамандандырылған жабдықтар мен құралдарды пайдалану. 3. Мамандандырылған ақпараттық деректер базаларымен жұмыс істеу. 4. Вакцинация, дегельминтизация және басқа да профилактикалық өңдеулердің кестесін құрастыру. 5. Ветеринарлық-алдын алу шаралары жоспарының ІҚМ орындалуын бақылау және оның тиімділігін бағалау. 6. Есептік құжаттарды дайындау және жоспардан ауытқу себептерін талдау. 7. Ветеринарлық-алдын алу шараларын орындау бойынша қызметкерлердің іс-әрекеттерін үйлестіру.
		Білімдер:
		1. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізу әдістері. 2. Биологиялық қалдықтарды сақтау және көдеге жарату қағидалары. 3. Жануарлардың өлекселерін көдеге жарату қағидалары. 4. Мал шаруашылығы қора-жайларындағы микроклимат параметрлері. 5. Малдардың өлуі мен ауруының алдын алу бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу қағидаларын білу. 6. Изоляторда ауру жануарларды күту.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Жарақаттану, улану кезінде жануарларға алғашқы көмек көрсету	Дағды 1: Изоляторда ауру жануарларды күту, термометрия, жараларды өңдеу	Машықтар:
		1. Оқшаулағышта ауру жануарларға күтім жасау, жараларды өңдеу тәсілдері. 2. Жарақаттану, улану кезінде түйелерге алғашқы көмек көрсету. 3. Қан кетуді уақытша тоқтату шараларын орындау (қатты таңғыштар, бұрау, күйдіру және т.б.). 4. Ветеринар дәрігерінің нұсқауымен шұғыл инъекциялар мен басқа да манипуляцияларды жүргізу. 5. Зардап шеккен жануарларды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып көшіру және бекіту.
		Білімдер:
		1. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері. 2. Изоляторда ауру жануарларды күту қағидаларын білу. 3. Жануарларға емдік көмек көрсетудің тәжірибелік тәсілдері. 4. Дәрілік заттарды енгізудің тәжірибелік тәсілдері. 5. Жануарлармен жұмыс істеу кезінде, құрал-саймандарды, жабдықтарды пайдалану кезінде жеке қауіпсіздік қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Жануарларды емдеу	Машықтар:
		1. Изоляторда ауру жануарларға күтім жасау. 2. Жарақаттану, улану кезінде малға алғашқы көмек көрсету. 3. Ашық жараларды өңдеу. 4. Жануарлардың өлекселерін ашу. 5. Жүргізілген емдеу шаралары мен бақылауларды тіркеу.
		Білімдер:
		1. Жануарлар анатомиясы мен физиологиясының негіздері. 2. Қолданылатын дәрілік заттар, олардың әсері және мал ағзасына енгізу тәсілдері. 3. Дәрі-дәрмектерді, биопрепараттарды, дезинфекциялық құралдарды, құрал-саймандар мен дезинфекциялық техниканы сақтау қағидалары және пайдалану тәртібі. 4. Емдік манипуляциялар жүргізу кезінде асептика және антисептика негіздері. 5. Жануарларды емдеу бойынша тіркеу мен есеп жүргізу тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық Мейірімділік	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 2. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II ҚРЗ. 3. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II ҚРЗ. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ. 6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы – "Жануарларды өсіру, сату объектілеріне қойылатын ветеринария. 8. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы – "Жануарлармен айналысу қағидаларын бекіту туралы". Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 тіркелген.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
	5	Ветеринарлық техник	
13. Кәсіптің карточкасы «Мал өсіруші»:			
Топтың коды:	6121-3		
Қызмет атауының коды:	6121-3-002		
Кәсіптің атауы:	Мал өсіруші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (64-шығарылым) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 17 қаңтардағы № 499 бұйрығы 75. Малшы. Параграф 2. Малшы, 4-разряд.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: бастауыш білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Талап етілмейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	жұмыс орнында нұсқама/тағылымдама немесе қысқа мерзімді оқыту		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	8341-9-011 - Мал шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың машиналары мен жабдықтарын пайдалана отырып, ІҚМ күту бойынша жұмыстарды орындау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Азықты дайындау, сақтау және беру, азықты тиеу және тарату 2. Мал шаруашылығы орынжайларында сумен жабдықтау және ірі қара малды автосуару, көң жинау және шығару, орынжайларда белгіленген микроклиматты сақтау бойынша жұмыстарды орындау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Азықты дайындау, сақтау және беру, азықты тиеу және тарату			

	Дағды 1: Азықты дайындау, сақтау және беру	Машықтар:
		1. Азық дайындау үшін машиналар мен жабдықтарды жұмысқа дайындау тәсілдерін қолдану. 2. Азық дайындауға арналған машиналар мен жабдықтарды технологиялық желінің жұмыс режиміне баптауды орындау. 3. Келіп түскен жемдердің сапасын бақылау және олардың сақтау жағдайын қадағалау. 4. Жемдерді (жем, сүрлем, құрама жем және т.б.) сақтау үшін дұрыс салу ережелерін сақтау. 5. Жемнің шығынын және сақтау мерзімін есепке алу. 6. Белгіленген рационға сәйкес жемқоспаларды дайындау. 7. Жемдермен жұмыс істеу кезінде санитарлық нормаларды сақтау. 8. Жұмыс барысында жабдықтардағы ұсақ ақауларды жою. 9. Жемдермен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде жеке қорғаныс құралдарын пайдалану. 10. Жем дайындау мен беруді есепке алуға арналған құжаттармен (журналдар, есеп парағы және т.б.) жұмыс істеу.
		Білімдер:
		1. Азықтың құрамы мен қоректілігі, азықтық рациондар. 2. Азық дайындауға арналған машиналар мен жабдықтарды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету қағидалары. 3. Азық дайындауға арналған машиналар мен жабдықтардың әрекет ету принципі, құрылымы, техникалық және тенологиялық баптаулары. 4. Азық дайындаудың технологиялық процесі. 5. Азық дайындаудың технологиялық сұлбалары. 6. Азықтық компоненттер мен дайындалатын азықтың сапасын бағалау параметрлері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Азықты тиеу және тарату	Машықтар:
		1. Ірі қара малды азықтандыру рациондарын құру. 2. Азықты тиеу және тарату бойынша механикаландыру құралдарына қызмет көрсету. 3. Азық тарату кезінде белгіленген рационға сәйкес мөлшерді дәл өлшеуді бақылау. 4. Азықтың сапасын таратпас бұрын көзбен бағалау. 5. Азық таратқыштар мен жұмыс аймақтарының санитарлық жағдайын сақтау. 6. Жұмыс алдында жабдықтардың ақаусыздығын күн сайын тексеру. 7. Берілген азық пен қалған қалдықтарды есепке алу. 8. Мал азықтандыру кестесін сақтау және олардың жасына, өнімділігіне байланысты ерекшеліктерді ескеру.

		Білімдер:
		1. Азықты тиеу және тарату үшін машиналар мен жабдықтарды дайындау және пайдалану қағидалары. 2. Азық беру нормалары. 3. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары. 4. Азық түрлері және оларды тарату ерекшеліктері (ұнтақталған, ылғалды, сүрлем, шөп және т.б.). 5. Азықтандырудағы ауытқулардың малдың денсаулығы мен өнімділігіне әсері. 6. Азық тарату жабдықтары мен құралдарын санитарлық өңдеу талаптары. 7. Азықтандыруды ұйымдастырудағы зоогигиена негіздері. 8. Азық қалдықтарын есепке алу және сақтау тәртібі. 9. Ірі қара малдың жасына және физиологиялық жағдайына байланысты азық тұтыну ерекшеліктері. 10. Азықты тасымалдау және тарату кезінде шығын мен бұзылуды болдырмау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Мал шаруашылығы орынжайларында сумен жабдықтау және ірі қара малды автосуару, көң жинау және шығару, орынжайларда белгіленген микроклиматты сақтау бойынша жұмыстарды орындау	Дағды 1: Сумен жабдықтау және автосуару	Машықтар:
		1. Сумен қамтамасыз етуді және автосуарғышты механикаландыру құралдарына қызмет көрсету. 2. Жабдықты жұмысқа дайындау тәсілдерін қолдану. 3. Сумен жабдықтау мен автосуаруға арналған жабдықтардың ақаулығын диагностикалау. 4. Су берудің біркелкілігін қамтамасыз ету. 5. Жабдықты пайдалану барысында бақылау аспаптары мен автоматика құралдарын пайдалану. 6. Реттеу жұмыстарын орындау.
		Білімдер:
		1. Сумен жабдықтау мен автосуаруға арналған машиналар мен жабдықтардың тағайындалуы мен құрылымы. 2. Сумен жабдықтау мен автосуаруға арналған жабдықты дайындау және пайдалану қағидалары. 3. Суаруға арналған судың сапасы. 4. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Көңді жинау және шығару	Машықтар:
		1. Көңді жинау және шығару жөніндегі механикаландыру құралдарына қызмет көрсету. 2. Машинаны жұмысқа дайындау тәсілдерін қолдану. 3. Машиналар мен жабдықтардың ақаулығын диагностикалау. 4. Машиналар мен жабдықтың жұмыс істеу процесінде бақылау аспаптары мен автоматика құралдарын пайдалану. 5. Транспортердің беру біркелкілігін қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Технологиялық процесті іске асыруға арналған машиналардың элементтері (жұмыс органдары). 2. Көңді жинау мен шығаруға арналған машиналар мен жабдықтардың тағайындалуы мен құрылымы. 3. Көңді жинау мен шығаруға арналған машиналар мен жабдықтарды дайындау және пайдалану қағидалары. 4. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 3: Орынжайлардағы микроклиматтың нормативтік параметрлерін қамтамасыз ету	Машықтар:	
		1. Мал шаруашылығы орынжайларында микроклиматты қамтамасыз ету бойынша механикаландыру құралдарына қызмет көрсету. 2. Жабдықты жұмысқа дайындау тәсілдерін қолдану. 3. Жабдықтың жұмыс істеу процесінде бақылау аспаптары мен автоматика құралдарын пайдалану. 4. Машиналар мен жабдықтардың ақаулығын диагностикалау. 5. Реттеу жұмыстарын орындау.	
		Білімдер:	
		1. Жекелеген жұмыс органдары мен жалпы машинаның құрылым схемалары және әрекет ету принципі. 2. Микроклиматтың белгіленген параметрін қолдауға арналған жабдықтың техникалық сипаттамалары. 3. Микроклиматтың белгіленген параметрін сақтап тұруға арналған жабдықты дайындау және пайдалану қағидалары. 4. Машиналар мен жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбекті қорғау қағидалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Шыдамдылық Командада жұмыс істей білу Тәртіптілік Дәлдік Сыпайылық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі – 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. 2. «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-II ҚРЗ. 3. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593-II ҚРЗ. 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. 5. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I ҚРЗ. 6. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығы – "Жануарларды өсіру, сату объектілеріне қойылатын ветеринария. 8. ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 239 бұйрығы – "Жануарлармен айналысу қағидаларын бекіту туралы". Әділет министрлігінде 2019 жылғы 28 маусымда № 18917 тіркелген.		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Мал шаруашылығы кешендерінің және механикаландырылған фермалардың операторы	
	5	Сүт өндірісінің зоотехнигі	
14. Кәсіптің карточкасы «Сүт өндірісінің зоотехнигі»:			
Топтың коды:	3142-0		
Қызмет атауының коды:	3142-0-009		
Кәсіптің атауы:	Сүт өндірісінің зоотехнигі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	Ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшылары және мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 307 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 тамызда № 19280 болып тіркелді. 15-параграф. Зоотехник		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік: Зоотехник

	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Зоотехния	Біліктілік: Зоотехник
	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Ветеринария	Біліктілік: Зоотехник
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	I санатты сүт өндірісінің зоотехнигі: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша және II санатты зоотехник лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес; II санатты сүт өндірісінің зоотехнигі: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша және санаты жоқ зоотехник лауазымындағы жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес немесе (зоотехния) мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) зоотехния мамандығы бойынша білім және санаты жоқ зоотехник лауазымындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес; Санаты жоқ сүт өндірісінің зоотехнигі: жоғары білім (және/немесе бакалавр, магистратура, философия докторы PhD, бейіні бойынша доктор) мал шаруашылығы және/немесе ветеринария бағыттары бойынша немесе зоотехния мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (арнаулы орта, орта кәсіптік) білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3142-0-010 - Бөлімше (кешен, ауыл шаруашылығы учаскесі, ферма) зоотехнигі		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ауыл шаруашылығы малдарының барлық түрлері мен тұқымдарын күтіп-ұстаудың, азықтандырудың және өсірудің технологиялық процесін ұйымдастыру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өнім өндірісін жақсарту үшін әр түрлі тұқымдағы ауыл шаруашылығы жануарларын дайындау 2. Жануарлардың жыныстық-жас топтарына (физиологиялық жай-күйі бойынша) жылжуды жүзеге асыру, ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес малды азықтандыру және күту 3. Азықты тиімді пайдалануды ұйымдастыру, фермаларда күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтім жасаудың жаңа әдістерін енгізу 4. Жоғары өнімді жануарларды шығару бойынша селекциялық-асылдандыру жұмысына басшылық ету 5. Мал шаруашылығында асыл тұқымды бастапқы есепке алу құжаттарын жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өнім өндірісін жақсарту үшін әр түрлі тұқымдағы ауыл шаруашылығы жануарларын дайындау	Дағды 1: Өнім өндіру үшін әр түрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын дайындау бойынша жұмыстарды орындау	Машықтар:	
		1. Өнімді өндіру үшін шешудің әртүрлі тәсілдерін болжайтын практикалық міндеттерді таңдау. 2. Мал сапасын жақсарту үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыру; 3. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өткізудің экономикалық тиімді технологияларын таңдау және пайдалануды жүзеге асыру. 4. Жануарлардың физиологиялық жағдайы мен тұқымдық ерекшеліктерін ескере отырып, азықтандыру және ұстау жоспарларын әзірлеу. 5. Жануарлардың тұқымдық стандарттар мен өнімділік бағытына сәйкестігін бақылау. 6. Жануарларды сыртқы пішіні, өнімділік және көбею қасиеттері бойынша бағалау. 7. Малдың қозғалысы, өнімділігі және тұқымдық құндылығы бойынша есеп жүргізу және есеп беру. 8. Алдын алу және емдеу шараларын үйлестіру мақсатында ветеринариялық мамандармен өзара іс-қимыл жасау.	

		Білімдер:
		1. Өнім өндіру үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын дайындауда кәсіптік практикалық, теориялық білімдер және практикалық тәжірибе. 2. Өнім өндіру үшін әртүрлі тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын дайындауда стратегиялық тәсілдерді қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды шешу тәсілдері. 3. Әртүрлі тұқымдағы жануарларды ұстау, азықтандыру және пайдалану бойынша нормативтер мен талаптар. 4. Сүтті ірі қара мал шаруашылығындағы генетика, селекция және асылдандыру жұмыстарының негіздері. 5. Сүтті ірі қара тұқымдарының ерекшеліктері және олардың өнімділікке әсері. 6. Сүт өнімдерінің сапасын бағалау әдістері және оның шығымына әсер ететін факторлар. 7. Зоотехникалық ақпаратты есепке алу және талдау бойынша заманауи цифрлық жүйелер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Мал шаруашылығын дамыту, табынның өсімін жақсарту, малдардың өнімділігін арттыру, төлдің шығуын арттыру бойынша іс-шараларды әзірлеуді және орындауды ұйымдастыру	Машықтар:
		1. Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және олардың өсімін молайту кезінде теориялық білімді практикада қолдану. 2. Мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын орындаушылар ұжымының жұмысын ұйымдастыру. 3. Бекітілген қызмет көрсету аймағында жануарларды өсіру және құжаттауда практикалық және танымдық дағдыларды қолдану. 4. Төлі мен асыл тұқымдық құндылығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және енгізу. 5. Табындағы репродуктивтік көрсеткіштерді (ұрықтану, буаздық, төл алу және т.б.) бағалау және бақылау. 6. Өнімділік пен көбеюге әсер ететін аурулардың алдын алу шараларын ұйымдастыру. 7. Зоотехниялық іс-шаралардың тиімділігін талдау және жоспарларға түзетулер енгізу. 8. Төл алу көрсеткішін арттыру және өлім-жітімді азайту бойынша жоспарлар әзірлеуге қатысу.
		Білімдер:
		1. Жануарлардың генетикасы, физиологиясы, зоологиясы және ветеринария базалық білімі. 2. Ауыл шаруашылығы жануарларының зоологиясы, анатомиясы, физиологиясы. 3. Ауыл шаруашылығы жануарлары бойынша есептілік және ақпарат тәртібі. 4. Табынды көбейтудің заманауи әдістері (жасанды ұрықтандыру, биотехнологиялар). 5. Сүт бағытындағы ірі қара малдың өнімділік көрсеткіштері және оларды арттыру әдістері. 6. Сүтті мал шаруашылығындағы өндірістік процесті басқару принциптері. 7. Өндірістік міндеттерді ескере отырып, табынның саны мен құрылымын жоспарлаудың негіздері. 8. Төлді көбейту және бордақылау шараларының экономикалық тиімділігін есептеу әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 2: Жануарлардың жыныстық-жас топтарына (физиологиялық жай-күйі бойынша) жылжуды жүзеге		

асыру, ветеринариялық-санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес малды азықтандыру және күту	Дағды 1: Бастапқы зоотехникалық құжаттаманы жүргізу және бекітілген қызмет көрсету аймағында мал өсіру	Машықтар:
		1.Кәсіптік қызмет шеңберінде құжаттау және есеп жүргізу. 2.Қазіргі заманғы есептеу техникасы, ұйымдастыру техникасы, коммуникация және байланыс құралдарын пайдалану. 3.Жануарларды бақылау өлшеулерін жүргізуді; табынның қозғалыс айналымын жасауды ұйымдастыру. 4. Ауыл шаруашылық учаскесі, цехы қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін есептеу. 5. Мал шаруашылығы бойынша тапсырмалардың жобаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Айлық, тоқсандық және жылдық жоспарларды әзірлеу ережелері. 2. Бастапқы зоотехникалық құжаттама бойынша кәсіби қызметті орындауды жүзеге асыру. 3. Қызметтің осы түріне тән тәуекелдер оларды бақылай және барынша азайта алады.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Азық шығынының кітабын жүргізу. Жануарларды азықтандыру рационын құру	Машықтар:
		1. Малды азықтандырудың прогрессивті тәсілдерін қамтамасыз ету. 2. Мал шаруашылығы бойынша тапсырмалардың жобаларын әзірлеу және олардың орындалуын қамтамасыз ету. 3. Жануарлардың жасы, өнімділігі және физиологиялық жағдайын ескере отырып, азықтандыру рационын құрастыру. 4. Азықтардың сапасын және олардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бақылау. 5. Азықтардың шығынын түрлері, жануарлар топтары және азықтандыру кезеңдері бойынша есепке алу. 6. Өнімділік көрсеткіштеріне (салмақ қосу, сүт өнімі және т.б.) сүйене отырып, азықтандыру тиімділігін талдау. 7. Рационды есептеу және азық шығынын жүргізу үшін арнайы бағдарламаларды (мысалы, RationBalancer, 1С және т.б.) пайдалану. 8. Жануарлардың макро- және микроэлементтерге, дәрумендерге және энергияға деген қажеттілігін анықтау.
		Білімдер:
		1. Ауыл шаруашылығы жануарларының анатомиясы мен физиологиясының ерекшеліктері. 2. Ауыл шаруашылығы жануарларының дұрыс қоректену қағидалары және қоректік уланудың алдын алу қағидалары. 3. Азықтардың жіктелуі және олардың қоректік құндылығы. 4. Әр жастағы және физиологиялық жағдайдағы жануарларды азықтандыру нормалары. 5. Рационның жануарлар денсаулығы мен өнімділігіне әсері. 6. Азықтарды сақтау және тасымалдау ережелері. 7. Азықтандыруға байланысты зоогигиена негіздері (режим, суару, астау мен су құбырларының санитариясы). 8. Азық нормаларын және азық айналымын есептеу әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

Еңбек функциясы 3: Азықты тиімді пайдалануды ұйымдастыру, фермаларда күтіп-бағудың, азықтандырудың және күтім жасаудың жаңа әдістерін енгізу	Дағды 1: Фермаларда күтіп-ұстаудың және азықтандырудың прогрессивті әдістерін енгізу	Машықтар:
		1. Стратегиялық жоспарлауда, жұмысты бағалауда, жағдайды талдауда практикалық және танымдық дағдыларды қолдану. 2. Өнім өндіру үшін қажетті ең тиімді технологияларды таңдау. 3. Өндірістік қызметтің тиімділігін бағалау. 4. Жергілікті жағдайлар мен ресурстарды ескере отырып, жануарларды ұстау және азықтандырудың инновациялық технологияларын талдау және енгізу. 5. Жануарларды ұстау және азықтандырудың жаңа әдістері бойынша персоналды оқытуды және нұсқамалық өткізуді ұйымдастыру. 6. Азықты ұтымды пайдалану және малға оңтайлы күтім жасау мақсатында ферманың барлық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру. 7. Енгізілген технологиялардың жануарлар денсаулығы мен өнімділігіне әсерін бақылау және бағалау. 8. Азықтандыру және ұстау үдерістерін басқаруға арналған цифрлық құралдар мен бағдарламалық жасақтаманы пайдалану.
		Білімдер:
		1. Жануарлардың генетикасының, физиологиясының, зоологиясы мен ветеринарияның негіздері. 2. Жануарлардың негізгі аурулары және олардың алдын алу әдістері. 3. Мал шаруашылығы бойынша жобалық тапсырмаларды әзірлеу қағидалары. 4. Өнімділікті арттыруға және жануарлар денсаулығын сақтауға бағытталған жануарларды ұстаудың заманауи әдістері мен технологиялары. 5. Азық пен ферма ресурстарын ұтымды пайдаланудың экономикалық негіздері. 6. Тұрақты мал шаруашылығының принциптері және экологиялық талаптар. 7. Енгізілетін технологиялардың тиімділігін бағалау әдістері және жануарлардың өнімділік көрсеткіштері. 8. Фермаларда жаңа технологияларды қолдану кезінде еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
	Дағды 2: Ұйымның селекциялық-аслыдандыру жұмысы жоспары бойынша белгіленген есепке алу нысандарына асыл тұқымды мал өнімділігінің бастапқы деректерін енгізу	Машықтар:
		1. Мал өнімділігі көрсеткіштерін бастапқы есепке алудың белгіленген нысандарын ресімдеу. 2. Асыл тұқымды малдардың өнімділік көрсеткіштерін өңдеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың стандартты бағдарламаларын пайдалану. 3. Жалпы есеп базасына жібермес бұрын енгізілген деректердің дұрыстығы мен толықтығын тексеру. 4. Деректердегі ауытқулар мен қателіктерді анықтау үшін өнімділіктің базалық көрсеткіштерін талдау. 5. Деректерді өңдеу барысында олардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету. 6. Ақпаратты нақтылау және түзету үшін басқа мамандармен (зоотехниктермен, ветеринарлармен) өзара іс-қимылды үйлестіру.

		Білімдер:
		1. Ұйымның селекциялық - асылдандыру жұмысының жоспары бойынша әр түрлі мал өнімділігінің көрсеткіштерін асыл тұқымды есепке алу құжаттамасын жүргізу тәртібі. 2. Ұйымда әр түрлі жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін өңдеу бойынша стандартты бағдарламаларды пайдалану тәртібі. 3. Жануарлардың өнімділік көрсеткіштерін статистикалық өңдеу және талдау негіздері. 4. Ауыл шаруашылығы ұйымдарындағы ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғау талаптары. 5. Селекциялық-асыл тұқымдық құжаттаманы жүргізу кезінде қызметтер арасындағы өзара әрекет ету ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді
Еңбек функциясы 4: Жоғары өнімді жануарларды шығару бойынша селекциялық-асылдандыру жұмысына басшылық ету	Дағды 1: Малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау	Машықтар:
		1. Ұйымның селекциялық-асылдандыру жұмысының жоспары бойынша жануарлар мен құстарды өлшеуге арналған жабдықтар мен құралдарды пайдалану. 2. Асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін жануарлар мен құстарды аспаптық өлшеу техникасын меңгеру. 3. Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау үшін алынған өлшем деректерін талдау. 4. Асыл тұқымды жоғары өнімді жануарларды селекциялық-асыл тұқымдық жұмыста қолдану бойынша есептер мен ұсыныстар дайындау. 5. Өлшеу жүргізу және асыл тұқымдық құндылықты бағалау кезінде мамандардың жұмысын үйлестіру. 6. Құрал-жабдықты дұрыс пайдалану және өлшеу әдістері бойынша персоналды оқыту жүргізу.
		Білімдер:
		1. Ұйымның селекциялық-асылдандыру жұмысын жүргізудегі малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтаудың маңызы. 2. Малдың асыл тұқымдық құндылығын анықтау жөніндегі ұйымның селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жоспарының бөлімі. 3. Асыл тұқымдық құндылығын анықтау үшін жануарлар мен құстарды аспаптық өлшеу қағидалары мен тәртібі. 4. Әр түрлі жануарлар мен құстармен жұмыс істеу кезінде еңбекті қорғау қағидалары. 5. Аспаптық өлшеулер нәтижелерін статистикалық өңдеу және интерпретациялау әдістері. 6. Жануарлардың асыл тұқымдық құндылығына әсер ететін генетика негіздері. 7. Дәл өлшеулер жүргізу үшін жабдықтың техникалық күйіне және калибрлеуге қойылатын талаптар. 8. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыста сапаны басқару және бақылау негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Талап етілмейді

	Дағды 2: Ауыл шаруашылығы малдарын өсіру және өсімін молайту	Машықтар:
